

2020-2021 оқу жылына арналған Академия білім алушыларын онлайн режимде аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық
(карантин кезеңіне арналған)

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының (бұдан әрі - Академия) онлайн режиміндегі аралық аттестаттау нысаны емтихан билеттері (бұдан әрі – билет) бойынша ауызша түрде жүргізіледі.

2. Емтихандарды қабылдау кестеге сәйкес жүргізіледі.

3. Емтихан қабылдау онлайн режимінде интернет желісіне тікелей қосылып емтихан алушы мен білім алушылардың таңдауы бойынша коммуникацияны қамтамасыз етудің мына бағдарламалары Microsoft Teams, ZOOM, Google MEET арқылы жүргізіледі.

4. Онлайн режимде емтихан алу үрдісі емтихан алушының білім алушыдан нақты уақыт (тікелей эфир) режимінде емтихан қабылдау процесін қарастырады.

5. Емтихан өткізу үшін емтихан алушы мен білім алушыларда интернет желісіне кіру мүмкіндігі мен веб-камерасы бар компьютер немесе ноутбук болуы тиіс.

6. Білім алушы:

емтихан басталғанға дейін компьютер мен бейнекамераны уақтылы қосуға;

емтихан өткізу барысында бейнекамераны өшірмеуге;

емтиханда тыйым салынған заттарды (шпаргалкалар, ұялы телефондар, планшеттер және т.б.) пайдаланбауға міндетті.

7. Барлық білім алушыларды коммуникациялық қамтамасыз етуші бағдарламаға қосқаннан кейін емтихан алушы емтихан басталғанға дейін:

білім алушының бейнекамерасын қосу сапасын тексереді;

білім алушының жұмыс үстелінің толық көрінуін тексереді, онда бөгде адамдардың, қосымша мониторлар мен басқа да компьютерлердің, басқа да байланыс құралдарының, сондай-ақ білім алушының жұмыс үстелінде ғылыми, анықтамалық, оқу әдебиеттерінің, нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің және өзге де дереккөздердің жоқтығы (таза қағаз парақтары мен қаламға рұқсат етіледі) тұрғысынан жақсы көрінуін тексереді.

8. Емтихан басталар алдында емтихан алушы билеттерді олардың сыртқы жағынан нөмірлейді, содан кейін оларды монитордың экраны алдына орналастырады (билеттер үш сұрақты қамтиды).

9. Емтихан алушы онлайн-режимде емтихан тапсыруға білім алушылардың бірін емтихан ведомосына сәйкес кезекпен немесе қалауы бойынша шақырады және білім алушыны билет нөмірін атауды сұрайды.

10. Билетті таңдағаннан кейін емтихан алушы білім алушыға билет нөмірін камераға көрсете отырып, бірінші сұрақтың мазмұнын айтады.

Білім алушы дайындықсыз билеттің бірінші сұрағына жауап береді. Содан кейін емтихан алушы екінші сұрақты оқиды, оғанда білім алушы дайындықсыз жауап береді.

Екінші сұраққа жауап бергеннен кейін емтихан алушы үшінші сұрақты билетте оқиды, оған білім алушы дайындықсыз жауап береді.

Билет сұрақтарына жауаптар нақты және қысқа болуы тиіс. Емтихан алушы емтихан тапсыру барысында білім алушыға қосымша сұрақтар қоя алады.

11. Білім алушы осы нұсқаулықтың талаптарын бұзған жағдайда емтихан алушы білім алушыға ескерту жасауға, ал қайталап бұзған жағдайда – емтиханды үзуге және қанағаттанарлықсыз баға қоюға құқылы.

12. Емтихан қабылданғаннан кейін әрбір білім алушыға емтихан алушы баға қояды және оны дереу білім алушыға хабарлайды.

13. Коммуникацияны қамтамасыз ету бағдарламалысының жұмысында техникалық ақаулар туындаған жағдайда магистранттың сұрақтарға толық жауап берген жауаптары есептеледі. Байланысты қалпына келтіргеннен кейін магистрантқа билеттің қалған сұрақтарына жауап беру үшін билетті қайта таңдау ұсынылады.

Емтихан қабылдау кезінде байланыс орнату немесе коммуникациялық бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысындағы техникалық ақауды жою мүмкін болмаған жағдайда, емтихан қабылдау бір күн ішінде қайта өткізіледі.

15. Егер білім алушы дәлелді себеппен емтихан тапсыруға қатыспаған жағдайда (интернетке шығу мүмкіндігінің болмауы, электр қуатында іркіліс, науқастануы бойынша және т.б.), бұл туралы емтихан күні емтихан алушыға өзінің емтиханда болмау себептері мен жағдайларын көрсете отырып хабарлауға тиіс. Емтихан алушы емтихан қабылдаған күні бұл туралы Академияның Ғылыми-білім беру орталықтарының және Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығының директорларына хабарлайды.

*Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен
2020 ж. «28» тамызындағы, № 1 хаттамаға
сәйкес мақұлданып бекітілді*